

<b>ІШКІ ҚҰЖАТ</b>	
<b>Атауы:</b>	<b>Операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар</b>
<b>Құжат иесі:</b>	Банктік процестерді әзірлеу департаменті
<b>Бекітілді:</b>	Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 05-18 (з) шешімімен Басқарманың 2026 жылғы «13» мамырдағы № 49 шешімімен бекітілді
<b>Қолданысқа енгізілген мерзімі:</b>	Бекітілген күннен бастап
<b>Соңғы өзгерістерді/толықтыруларды енгізу</b>	Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» маусымдағы № 06-18 (з) шешімімен
<b>Күші жойылған/ күші жойылған деп танылған құжаттар (бар болса):</b>	«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 ж. «28» шілдедегі шешімімен бекітілген № 07-28 (з) хаттама Банктік операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар
<b>Құпиялылық деңгейі</b>	-

Операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар  
тіркеу № А0-23-04/41/ПВ/18052026

Операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларға  
бекітілген өзгерістер мен толықтырулардың  
ТІЗІЛІМІ

№	Құжаттың нөмірі	Банк Органының өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы шешімінің деректемелері	Бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды қолданысқа енгізу мерзімі	Өзгерістер / толықтырулар енгізудің негіздемесі
1	№ А0-23-04/41/ПВ/18052026	Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» маусымдағы № 06-18 (з) шешімімен	Бекітілген күннен бастап	Ішкі құжатты өзектендіру
2				
3				
4				
5				
6				

Мазмұны	
<b>1-тарау. Жалпы ережелер</b> .....	4
<b>2-тарау. Клиенттің мәлідемелері мен кепілдіктері</b> .....	7
<b>3-тарау. Банктің қосымша операцияларды жүргізуінің негізгі қағидаттары</b> .....	9
<b>4-тарау. Банктік операциялардың қосымша түрлері</b> .....	9
<b>5-тарау. Клиенттермен және Контрагенттермен жұмыс тәртібі туралы ереже</b> .....	10
<b>6-тарау. Қосымша банктік операцияларды ұсыну қызметтері бойынша шешім қабылдаудың шекті мерзімдері</b> .....	10
<b>7-тарау. Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы шарттары.</b> .....	11
<b>8-тарау. Монеталарды сату</b> .....	13
<b>9-тарау. Аффинирленген бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар</b> .....	13
<b>10-тарау. Қосымша банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтер</b> .....	14
<b>10-1-тарау. Банкаралық қарыздарды (банкаралық қаржыландыруды), банкаралық кепілдіктерді, банкаралық кепілгерліктерді, сондай-ақ өзге банкаралық операцияларды жүргізудің жалпы талаптары.</b> .....	15
<b>11-тарау. Банктік қызметтер көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі.</b> .....	16
<b>12-тарау. Банк пен Клиенттердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі</b> .....	19
<b>13-тарау. FATCA талаптарын және ЭЫДҰ-ға мүше елдердің құзыретті органдарының халықаралық көпжақты келісімін орындау туралы</b> .....	26
<b>14-тарау. Қорытынды ережелер</b> .....	27
Приложение 1. Предельные сроки рассмотрения заявления и принятия решения о предоставлении дополнительных видов банковских операций .....	28
Приложение 2. Предельные (минимальные и максимальные) величины ставок и тарифов на проведение дополнительных видов банковских операций Банка .....	29

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та Операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 223 «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» қаулысы, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) тиісті процесті реттейтін Жарғысы мен ішкі құжаттары негізінде, сондай-ақ тиісті лицензия болған жағдайда әзірленді.
2. Осы Қағидалар Банктің банктік операцияларың қосымша түрлерін жүргізуін құқықтық регламенттеу мақсатында әзірленді және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларға толықтыру болып табылады.
3. Банктің Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен операциялар жүргізу шарттары Банктер туралы заңмен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен немесе олардың мүдделері үшін жасалатын барлық мәмілелер бойынша (өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің түріне, мәміле сомасына және т.б. қарамастан) жеңілдікті шарттар ұсынуға жол берілмейді. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер, соның ішінде тарифтер бөлігіндегі мәмілелер, Банктер туралы заңның 50-бабының талаптары ескеріле отырып, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жасалады, бұған мұндай мәмілелердің үлгілік шарттарын Банктің Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен жасалатын ұқсас мәмілелерге қолданылатын, сондай-ақ мәміленің айрықша нысанасы банктік, коммерциялық және (немесе) заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау болып табылатын жағдайлар қосылмайды.
4. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысанасы бола алмайды. Осы норма банктік құпияға жататын немесе Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес коммерциялық құпия санатына жатқызған және клиенттің бірінші талабы бойынша танысу үшін ұсынылатын нақты операцияны жүргізу шарттарына қолданылмайды. Банктің клиентке оны қажетті қызметтерді/операцияларды жүргізуге байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер туралы ақпарат беруден бас тартуға құқығы жоқ.
5. Клиент «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Банктің интернет-ресурсында орналастырылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарын білуге және сақтауға міндетті.
6. В настоящих Правилах используются следующие термины, сокращения и определения:
  - 1) Аффинирленген бағалы металдар – өңдеуден өткен және қоспалар мен қосалқы құрамдас бөліктерден тазартылған, Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және/немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде белгіленген сапа стандарттары мен талаптарына және/немесе шығарылған елдің сапа стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін сапаға жеткізілген бағалы металдар, сондай-ақ алтын мен күміс үшін бағалы металдың массалық үлесі кемінде 99,99 (тоқсан тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз болатын бағалы металдардан жасалған монеталар;
  - 2) ішкі құжаттар (ІҚ) – бұл Банктің жұмысын ұйымдастыру және Банктің ішкі қызметін/процестерін регламенттеу/реттеу үшін Банкте әзірленген, бекітілген және

- тіркелген электрондық (қағаз) жеткізгіштегі құжат, сондай-ақ Банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері үшін міндетті талаптарды немесе функцияларды, өзара іс-қимылдарды, жұмыс процестерін, соның ішінде бөлімшелердің/қызметкерлердің келісілген қатысуын талап ететін процестерді орындау кезіндегі іс-қимылдар/іс-шаралар тәртібін белгілейтін, өзгертетін және/немесе тоқтататын құжат;
- 2-1) Бас келісім – Банктің Контрагенттермен ұзақ мерзімді ынтымақтастығының жалпы құқықтық талаптарын, қағидалары мен қағидаттарын белгілейтін стандартты негіздемелік шарт;
  - 3) Аллокирленбеген металл шоты шарты – Банк пен Клиент арасында жасалатын, аллокирленбеген металл шот бойынша жүргізілетін операциялар түрлері бойынша олардың өзара қатынасын, аффинирленген бағалы металдарды аллокирленбеген металл шотқа есепке жазу және аллокирленбеген металл шоттан қайтару талаптарын, сондай-ақ аллокирленбеген металл шотты жүргізуге байланысты сыйақылар мөлшері мен оларды төлеу тәртібін реттейтін шарт;
  - 4) Қосымша банктік операциялар (қызметтер) – құймалардағы аффинирленген бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату, аллокирленбеген металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша банктік операциялар;
  - 5) Бағалы металл – кез келген күйдегі және түрдегі алтын, күміс, платина және платина тобының металдары (палладий, иридий, родий, рутений және осмий);
  - 6) Банктер туралы заң – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
  - 7) ҚЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ туралы ҚР Заңы – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
  - 8) интернет-ресурс – Банктің <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша орналастырылған ресми интернет-ресурсы (сайты);
  - 9) Клиент – банктік қызметтерді тұтынушы болып табылатын немесе банктік қызметтерді пайдалануға ниетті жеке немесе заңды тұлға;
  - 10) Комиссиялар (тарифтер) – Банктің уәкілетті органы бекіткен, Клиентке банктік және өзге қызметтер көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы (Клиентке Банк анықтаған тәсілмен жеткізілетін, жеке ұсынылған комиссиядан басқа);
  - 10-1) Контрагент – екінші деңгейдегі банк, банктік және қаржылық операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, Банкпен банкаралық нарықта тиісті келісімдер/шарттар жасасқан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары, ұлттық басқарушы холдинг, шетелдік халықаралық банктер мен қаржы ұйымдары;
  - 11) Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ІҚ-ында осы мәнде айқындалған тұлғалар;
  - 11-1) Банкаралық кепілдік – олардың арасындағы мәміле немесе шарт бойынша туындаған міндеттемелер бұзылған жағдайда бір банктің екінші банкке белгілі бір ақша сомасын төлеу міндеттемесі;
  - 11-2) Банкаралық қарыздар – банкаралық ұйымдасқан/ұйымдаспаған нарықта жасалған банктік қарыз шартының/кредиттік келісімнің талаптарына сәйкес, белгілі бір мерзімге және пайыздық мөлшерлеме бойынша қарыз қаражатын тарту немесе беру жөніндегі мәміле нысаны;

- 11-3) Банкаралық кепілгерлік – ол бойынша бір банк (кепілгер) кредитор-банк алдында басқа банктің (немесе өзге қарыз алушының) өзінің қаржылық міндеттемелерін толық көлемде немесе ішінара орындауы үшін жауап беруге міндеттенетін келісім;
- 12) Монета – белгілі бір нысандағы, салмақтағы және құндағы бағалы металдан дайындалған ақша белгісі;
- 13) Аллокирленбеген металл шот (АМШ) – аффинирленген бағалы металдарды олардың жеке белгілерін (құйманың нөмірін, дайындаушының маркасын және т.б.) көрсетпей есепке алуды, сондай-ақ аффинирленген бағалы металдарды физикалық емес (жеке сипатталмаған) нысанда қабылдау, есепке алу және сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыруды жүргізу үшін Банк Клиентке ашатын металл шот;
- 14) Өтініш – Банкке жолданған, жеке немесе ұжымдық жазбаша (қолма-қол, пошта байланысы, электрондық пошта арқылы, Банктің интернет-ресурсы), ауызша (Банктің байланыс орталығы бөлімшесінің телефоны бойынша және Банк клиенті тікелей келген кезде) нысандағы не электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ұсыныс, арыз, шағым, сұрау салу немесе үн қосу;
- 15) Жалпы шарттар – осы Қағидалардың ажырамас бөлігі болып табылатын, Банктің интернет-ресурсында орналастырылған және Банк пен клиент арасындағы шоттар мен төлем карточкаларын ашуға, жүргізуге, жабуға, төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруға, Жалпы шарттарда сипатталған басқа да қызметтерге байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да операцияларды жүргізудің, банктік шоттар мен төлем карталарын ашудың, жүргізудің, жабудың жалпы шарттары»;
- 16) Ақпараттандыру объектілері – Банкке «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы клиентті – жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін Банктің электрондық ақпараттық ресурстары, бағдарламалық жасақтамасы, интернет-ресурсы және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, интернет-ресурс, мобильді қолданба, жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг кіреді;
- 17) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) – мемлекеттік әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саясатты жетілдіру жөніндегі халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды әзірлеуге, елдердің экономикалық өсуі мен дамуы жолындағы проблемалар мен шектеулерді шешу жолдарын іздестіруге бағытталған халықаралық ұйым;
- 18) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 19) Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі – Жалпы шарттардың талаптарына сәйкес мобильді қолданба арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсынуға мүмкіндік беретін интернет-банкинг жүйесі;
- 20) Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі – заңды тұлға, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа (фермер) қожалығы болып табылатын клиент пен Банк арасындағы байланысты қамтамасыз ететін, сондай-ақ [online.bankffin.kz](http://online.bankffin.kz) мекенжайы бойынша интернет-ресурс және заңды тұлғаларға арналған «Freedom Business» мобильді қолданбасы арқылы электрондық банктік қызметтерді алуға мүмкіндік беретін телекоммуникация құралдарының, цифрлық және ақпараттық технологиялардың, бағдарламалық жасақтама мен жабдықтардың жиынтығы;
- 21) Банктің тарифтік саясаты – Банктегі тарифтер мен мөлшерлемелерді қалыптастырудың мақсаттарын, міндеттері мен қағидастарын айқындайтын Банктің ішкі құжаты (ІҚ);

- 22) Банктің уәкілетті тұлғасы – өзіне берілген өкілеттіктерге сәйкес клиенттер мен үшінші тұлғалардың өтініштері бойынша мәселелерді қарауға және шешім қабылдауға құқылы Банктің басшы қызметкері;
- 23) Банктің уәкілетті органы – қолданыстағы заңнамаға және (немесе) Банктің ІҚ-на сәйкес Банк қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген Банктің тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы;
- 24) ҚР уәкілетті органы – ҚР Ұлттық Банкі және Банктің қаржы нарығындағы іс-әрекеттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын басқа да мемлекеттік уәкілетті органдар;
- 25) **FATCA** – халықаралық салықтық тәртіпті жетілдіру туралы ҚР мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметтері арасындағы келісім арқылы ҚР-да іске асырылатын «Шетелдік шоттардың салықтық сәйкестігі туралы» АҚШ Заңы (ағылш. – Foreign Account Tax Compliance Act);
- 26) **Flash Call** – Банктің техникалық шешімдерінде және белгіленген қауіпсіздік рәсімдерінде көзделген тәсілдердің бірімен Клиентке растау коды берілетін, Банк тарапынан Клиенттің ұялы телефон нөміріне жасалатын кіріс телефон қоңырауы;
- 27) **Push-хабарлама** – Банк тарапынан Мобильді қолданбадағы Клиенттің сенімді құрылғысына жіберілетін ақпаратты тарату тәсілі;
- 28) **SMS-хабарлама** – ұялы байланыс операторы арқылы ұялы байланысты пайдалана отырып жіберілетін белгіленген форматтағы қысқа мәтіндік хабарлама.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа терминдер, қысқартулар мен анықтамалар ҚР қолданыстағы заңнамасында және Банктің басқ ІҚ-ында бекітілген мағынада қолданылады.

## **2-тарау. Клиенттің мәлімдемелері мен кепілдіктері**

7. Осы арқылы Клиент осы Қағидаларға, қосымша банктік операцияларды / қызметтерді ұсыну шарттарын регламенттейтін және/немесе қамтитын құжаттарға қосылған кезде шынайы әрі сенімді болып табылатын және оның қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде немесе оның кез келген ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы кезінде де солай болып қала беретін келесі мәлімдемелер (тұжырымдар) мен кепілдіктер береді:
  - 1) Клиент өзі жүзеге асыратын операциялардың/мәмілелердің, өзі пайдаланатын Банк өнімдерінің/қызметтерінің төмендегілермен байланысты еместігін және/немесе бұдан әрі байланысты болмайтынын растайды:
    - а) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға және терроризмге немесе экстремизмге өзге жәрдем беру, қолданыстағы заңнама талаптарында көзделген рәсімдерден/іс-шаралардан жалтару мақсаттарына пайдаланумен;
    - б) Клиенттің заңсыз, алаяқтық, құқыққа қайшы, қылмыстық қызметті жүзеге асыруымен, соның ішінде Клиент шотын пайдалану құқығын бұған заңды негіздері жоқ басқа үшінші тұлғаларға (өкіл, сенім білдірілген тұлға) ұсынумен және/немесе берумен;
    - в) химиялық, биологиялық және ядролық қаруға және олардың құрамдас бөліктеріне, әскери мақсаттағы заттарға және тек дәрілік препараттарды ғана емес, сонымен қатар улы және күшті әсер ететін басқа да синтетикалық және табиғи заттарды қамтитын заттарға, медициналық бұйымдарға жататын заттарды сатып алу-сатумен, тасымалдаумен, дайындаумен, сақтаумен, өткізумен;
    - г) ҚР қолданыстағы заңнамасында, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасында көзделген талаптарды, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),

терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, АҚШ, Еуропалық Одақ, БҰҰ, Ұлыбритания халықаралық экономикалық санкциялары саласындағы және/немесе осы Қағидалардың, Жалпы шарттардың, Банктің ІҚ талаптарын орындаудан жалтаруға және/немесе айналып өтуге, және/немесе оларды орындамауға бағытталған операцияларды/мәмілелерді/іс-әрекеттерді жасаумен байланысты еместігін растайды және оларды сақтау жөніндегі міндеттемені өзіне толық көлемде қабылдайды;

- 2) Клиент Банкке өзекті, толық әрі шынайы ақпаратты/құжаттар топтамасын/тиісті жазбаша және/немесе ауызша түсініктемелерді ұсынуға міндетті;
- 3) Клиент іскерлік қатынастарды орнату/жалғастыру және/немесе Клиенттің операцияларды/мәмілелерді жасауы/жасауға әрекеттенуі және/немесе оның пайдасына жасалуы кезінде Банк ҚР заңнамасының және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиентті тиісінше тексеруді жүзеге асыратынымен танысты және келіседі;
- 4) Клиент Банк тиісінше тексеруді жүргізу сәтінде және/немесе ҚР қолданыстағы заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде Банкте ашылған банктік шоттарға уақытша шектеулер қоюға, қолданыстағы заңнаманың және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға құқылы екендігімен танысты және келіседі;
- 5) Клиент Банк ауызша және/немесе жазбаша нысанда сұратқан растаушы құжаттар, тиісті жазбаша түсініктемелер Клиент тарапынан Банкке ұсынылмаған жағдайда, Банк сұратылған ақпарат Банкке іс жүзінде ұсынылған сәтке дейін ҚР заңнамасының және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Банкте ашылған банктік шоттарға уақытша шектеулер қоюға, операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға құқылы болатынымен танысты және келіседі;
- 6) Клиент Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының барлық талаптарын бұлжытпай сақтауға міндеттенеді және қазіргі уақытта оған мемлекет пен оның органдары тарапынан да, сондай-ақ өзге үшінші тұлғалар тарапынан да мәлім болған қандай да бір құқықтық кінәрат-талаптар, талаптар, талап арыздар жоқ екенін растайды;
- 7) Клиент аллокирленбеген металл шотты (АМШ) қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес пайдаланады және оны бұған заңды негіздері жоқ үшінші тұлғалардың (өкіл, сенімді тұлға) басқаруына/иеленуіне/олардың операциялар жасауына бермейді;
- 8) Клиент өтінішке/ шартқа/ өзге құжатқа қол қойғанға дейін қолданыстағы заңнаманы, соның ішінде валюталық бақылау, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін заңнаманы, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттің заңнамасын, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделгені туралы тиісті түрде хабардар етілді;
- 9) Клиент қолданыстағы заңнаманың, осы Қағидалардың, Жалпы шарттардың, Банктің ішкі құжаттарының ережелерін бұзған жағдайда, Банктің заңнамада көзделген барлық қажетті әрекеттерді қолдануға және құқық қорғау органдары мен өзге мемлекеттік уәкілетті органдарды осындай бұзушылық туралы хабардар етуге міндетті екендігі туралы хабардар етілді;
- 10) Клиент өзі қолданыстағы заңнаманың, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттің заңнамасының, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың, АҚШ, Еуропалық Одақ, БҰҰ, Ұлыбритания

халықаралық экономикалық санкцияларының және/немесе осы Қағидалардың, Жалпы шарттардың, Банктің ішкі құжаттарының талаптарын орындамаған жағдайда, және/немесе Банкке шынайы емес/қайшылықты/жалған/толық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, және/немесе Банкке белгіленген мерзімде растаушы құжаттар/мәліметтер топтамасы ұсынылмаған жағдайда, және/немесе Банкке Банктің сұратуына сәйкес келмейтін құжаттар/мәліметтер топтамасы ұсынылған жағдайда, Банк осы Қағидалардың, Жалпы шарттардың, қолданыстағы заңнаманың, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттің заңнамасының, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптары негезінде операцияны/мәмілені жүргізуді уақытша тоқтатуға және/немесе операцияны/мәмілені жүргізуден бас тартуға, және/немесе Клиентпен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіпте бұзуға құқылы екендігі туралы хабардар етілді;

- 11) Клиент қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес операцияны/мәмілені жүргізуден/есепке қосудан бас тарту, операцияларды/мәмілелерді жүргізуді уақытша тоқтату, сондай-ақ іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату Банктің тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін оның азаматтық-құқықтық жауаптылығы туындауына негіз болып табылмайтынымен танысты және келіседі;
8. Клиент осы Қағидалардың ережелерін және Банк Тарифтерін толық көлемде, ешқандай ескертусіз және қарсылықсыз алды, оқып шықты, түсінді және олармен келісті, сондай-ақ оларға толықтай қосылды, осыған қоса осы Қағидалардың барлық ережелерін бұлжытпай, уақтылы және толық көлемде орындау міндеттемесін қабылдады.
9. Клиент осы Қағидалардың ережелері Клиенттің мүдделеріне толық көлемде сәйкес келетінін, сондай-ақ Клиент үшін қандай да бір ауыртпалық түсіретін ережелерді қамтымайтынын растайды.
10. Клиенттің Қағидаларды алмағанының дәлелі ретінде Қағидаларға өзінің қолы қойылмағанына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

### **3-тарау. Банктің қосымша операцияларды жүргізуінің негізгі қағидаттары**

11. Банк өз қызметін ҚР заңнамасына, Банк Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес, ҚР уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады.
12. Банктің қосымша банктік операцияларды ұсыну қызметтері ақылы болып табылады. Оларды ұсынудың мақсаты Банктің кіріс алуы немесе Банк болашақта алатын кірісті арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

### **4-тарау. Банктік операциялардың қосымша түрлері**

13. Банк қосымша банктік операциялардың келесі түрлерін жүзеге асырады:
  - 1) құймалардағы аффинирленген бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
  - 2) осы тұлғаларға тиесілі, аффинирленген бағалы металдарды иесіздендірілген (физикалық емес) нысанда есепке алу жүзеге асырылатын Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашу, жүргізу және жабу;
  - 3) банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер, сондай-ақ өзге банкаралық операциялар.

14. Осы Тарауда көрсетілген банктік операциялардың қосымша түрлері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен қолданыстағы заңнаманың талаптары ескеріле отырып және Банктің ішкі құжаттарында көзделген рәсімдер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

#### **5-тарау. Клиенттермен және Контрагенттермен жұмыс тәртібі туралы ереже**

15. Банк Клиентке қосымша банктік қызмет ұсынған кезде:
- 1) қосымша банктік қызмет көрсету шарты жасалғанға дейін Клиентке төмендегілерді ұсынады:
    - а) мөлшерлемелер мен тарифтер, қосымша банктік қызмет көрсету туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты (өтініш беру қажет болған жағдайда);
    - б) қосымша банктік қызмет көрсету талаптары туралы ақпаратты және қосымша банктік қызмет көрсету шартын жасасуға қажетті құжаттардың тізбесін;
    - в) Клиент қосымша банктік қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда оның жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратты;
    - г) туындаған мәселелер бойынша Клиентке кеңес беруді;
    - д) оның қалауы бойынша – қосымша банктік қызмет көрсету туралы тиісті шарттың үлгілік нысанын;
  - 2) қолданыстағы заңнаманың және осы Қағидалардың талаптарында белгіленген мерзімдерде Клиенттің қосымша банктік қызмет көрсету шарты туралы өтінішін қарайды (өтініш беру қажет болған жағдайда);
  - 3) қосымша банктік қызмет көрсету шартына қол қойылғанға дейін Клиентке оның талаптарымен танысуға қажетті уақыт береді;
  - 4) Клиент ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
16. Қосымша банктік операцияларды жүргізу мен оларды есепке алудың талаптары мен тәртібі, Банктің Клиенттермен және Контрагенттермен, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар және басқа халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарымен жұмыс істеу тәртібі қолданыстағы заңнаманың талаптары сақтала отырып, банктік өнімдердің түрлері бойынша қандай да бір операцияларды жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің жекелеген ішкі құжаттарымен белгіленеді.

#### **6-тарау. Қосымша банктік операцияларды ұсыну қызметтері бойынша шешім қабылдаудың шекті мерзімдері**

17. Банк Клиенттердің өтінішін қараудың және қосымша банктік операцияларды ұсыну, аллокирленбеген металл шоттарды ашу/жабу бойынша шешім қабылдаудың шекті мерзімдерін қолданыстағы заңнаманың және Банктің ішкі құжаттарының тиісті процесті реттейтін талаптары шеңберінде дербес белгілейді және олар осы Қағидаларға 1-қосымшада айқындалған.
18. Клиенттің өтінішін қараудың (өтініш беру қажет болған жағдайда) және қосымша банктік операцияларды ұсыну бойынша шешім қабылдаудың нақты мерзімдері Банктің осындай процесті реттейтін тиісті ішкі құжаттарында айқындалған.

**7-тарау. Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашудың,  
жүргізудің және жабудың жалпы шарттары.**

19. Банк аффинирленген бағалы металдарды иесіздендірілген (физикалық емес) нысанда есепке алуды жүзеге асыру үшін Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асырады.
20. Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашу Банктің уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша әзірленген Аллокирленбеген металл шоты шартының негізінде, соның ішінде Клиенттің аллокирленбеген металл шотын ашу туралы өтінішке қол қоюы, сондай-ақ тиісті процесті реттейтін Банктің ішкі құжаттарында және ҚР заңнамасында көзделген өзге құжаттар арқылы жүргізіледі.
21. Аллокирленбеген металл шотын ашу Клиенттің Банкте ағымдағы шоты бар болған жағдайда жүзеге асырылады.
22. Аллокирленбеген металл шоты шектеусіз мерзімге ашылады және осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес жабылған сәтке дейін қолданылады.
23. Аллокирленбеген металл шотын ашу кезінде Банк Клиенттен қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттар топтамасын ұсынуды талап етеді. Клиент Банк сұратқан барлық құжаттар мен мәліметтерді толық, өзекті, шынайы түрде Банкке ұсынуға және олардың өзектілігін сақтауға міндеттенеді.
24. Банк қызметтерді Жалпы талаптарға, қосылу шарттарының үлгілік нысандарына сәйкес көрсете алады, олардың талаптары осы Қағидаларға толықтыру болып табылады; Клиент оларға қосылу туралы Өтінішке қол қоя отырып, Жалпы талаптардың, шарттардың үлгілік нысандарының және осы Қағидалардың талаптарын бұлжытпай сақтауға міндетті. Қосылу шарттарының үлгілік нысандары қағаз нұсқасында орналастырылады және клиенттер үшін Банктің барлық бөлімшелерінде қолжетімді болады, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылады.
25. Егер қолданыстағы заңнамада және/немесе Банктің ішкі құжаттарында талап етілген болса, Банк өз қалауы бойынша, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімін алусыз аллокирленбеген металл шоттарын ашуға, жүргізуге, жабуға қажетті құжаттардың тізбесіне өзгерістер енгізуге құқылы.
26. Аллокирленбеген металл шоты Клиентке нөлдік қалдықпен ашылуы мүмкін, шотты ашу сәтінде Клиентте аффинирленген бағалы металдардың болуы талап етілмейді.
27. Аллокирленбеген металл шоттары бойынша бағалы металдарды есепке алу жеке белгілерін көрсетпей, иесіздендірілген нысанда, бағалы металдардың санын масса бірліктерімен көрсету арқылы жүзеге асырылады.
28. Бағалы металдарды аллокирленбеген металл шотына есепке қосу Банктен бағалы металдарды сатып алу, шоттар арасында аударым операцияларының, сондай-ақ ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге операциялардың негізінде жүзеге асырылады.
29. Аллокирленбеген металл шотынан бағалы металдарды есептен шығару бағалы металдарды Банкке сату, шоттар арасында аудару операцияларының шеңберінде, сондай-ақ Аллокирленбеген металл шоты шартында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге операциялар шеңберінде жүзеге асырылады.
30. Аллокирленбеген металл шоттары бойынша Банк Клиенттің нақты аффинирленген бағалы металдарын сақтауды жүзеге асырмайды, бұл ретте Аллокирленбеген металл шот шартында көзделген талаптарда шотта есепке алынатын мөлшердегі бағалы металдарды қайтару бойынша міндеттеме қабылдайды.
31. Аллокирленбеген металл шоттары бойынша операциялар Аллокирленбеген металл шот шартында, Банктің ішкі құжаттарында және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

32. Банк Клиенттерге талап етілгенге дейінгі аллокирленбеген металл шоттарын ашады және келесі аллокирленбеген металл шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асырмайды:
  - 1) Клиенттерге ұсынылатын бағалы металдардағы қарыздарды есепке алуға арналған шоттарды;
  - 2) шартта бағалы металдарды қайтару мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімді шоттар.
33. Банк мынадай жағдайларда аллокирленбеген металл шоттарын ашудан бас тартады: :
  - 1) қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген, аллокирленбеген металл шотын ашуға қажетті құжаттар топтамасы толық ұсынылмағанда;
  - 2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген, Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдау мүмкін болмағанда;
  - 3) аллокирленбеген металл шоты жасырын немесе жалған (ойдан шығарылған) иеленушілерге ашылғанда;
  - 4) ҚР салық заңнамасында көзделген жағдайларда;
  - 5) Клиентке қатысты шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар (FATF, OFAC, БҰҰ, ECFR, OFSI және т.б.) салған қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болғанда, егер Банкте клиентті қылмыстық қудалануына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін және/немесе Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін Клиенттің террористік қызметке және/немесе кірістерді заңдастыру (жылыстату) қызметіне қатысы бар және/немесе қандай да бір өзге, соның ішінде қылмыстық/заңсыз қызметті жүзеге асыратыны, тыйым салынған қызмет түрлерін көрсететіні және/немесе тыйым салынған тауарлар/қызмет түрлерін өткізетіні/ұсынатыны және/немесе қолданыстағы заңнама талаптарын орындаудан жалтару/айналып өту бойынша әрекеттерді жүзеге асыратыны жөнінде күдігі болғанда (Банк өз күдігін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес);
  - 6) қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге жағдайларда.
34. Клиент қолданыстағы заңнаманың және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес сенімхат, сондай-ақ өзге құжаттар негізінде өз өкіліне аллокирленбеген металл шоттарын ашу, жабу, оларға билік ету, аллокирленбеген металл шоттары бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алу құқығын беруге құқылы.
35. Аллокирленбеген металл шотындағы аффинирленген бағалы металды есепке алу ҚР Ұлттық Банкінің есептік күндегі бағамы бойынша граммен жүзеге асырылады.
36. Банкте аллокирленбеген металл шоттары бойынша аффинирленген бағалы металдың түрін өзгерту қарастырылмаған.
37. Банк Клиентке аллокирленбеген металл шоты бойынша аффинирленген бағалы металдың қалдығына пайыздар есептемейді.
38. Аллокирленбеген металл шотын жабу үшін Клиенттің аффинирленген бағалы металды сатып алу-сату мәмілесін жасауы арқылы аллокирленбеген металл шотын нөлге теңестіру (босату) талап етіледі, бұдан кейін Клиенттің өтініші негізінде (АМШ жабу негіздемесін көрсете отырып) Аллокирленбеген металл шот шартының/Жалпы шарттардың талаптарына сәйкес немесе қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Банк дербес түрде ақшалай қаражатты Клиенттің ағымдағы шотына аударуды жүзеге асырады.

### **8-тарау. Монеталарды сату**

39. Банк осы Қағидалардың нормаларын ескере отырып, ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес Клиенттерге бағалы металдардан жасалған монеталарды сатуды/олардан сатып алуды жүзеге асырады.
40. Бағалы металдардан жасалған монеталарды өткізу (сату) Банктің филиалдары, бөлімшелері, кассалары, қашықтықтан қызмет көрсету арналары немесе Банктің ішкі құжаттарында айқындалған өзге сату арналары арқылы жүзеге асырылады.
41. Банк сатылатын бағалы металдардан жасалған монеталардың тізбесін, бағаларын белгілеу тәртібін, монеталарға төлем жасау, қайтару және айырбастау талаптарын және монеталарды өткізудің (сатудың) өзге талаптарын өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындайды.
42. Банк монеталарды сату бағасын бағалы металдардың халықаралық және (немесе) ішкі нарықтардағы құнын, ҚР Ұлттық Банкінің ресми баға белгілеуін (котировкаларын) және ұсынымдарын, Банктің шығыстарын, нарықтық конъюнктураны және Банктің ішкі баға белгілеу саясатын ескере отырып белгілейді.
43. Бағалы металдардан жасалған монеталарды сақтау, тасымалдау, инкассациялау және беру ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

### **9-тарау. Аффинирленген бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар**

44. Банктік операциялардың қосымша түрлері тиісті процесті реттейтін қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚ туралы Заңның, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын сақтауды ескере отырып, Банк пен Клиент арасында жасалатын шарттар негізінде (егер шарт жасау талап етілсе) жүзеге асырылады.
45. Банк аффинирленген бағалы металдарды сатып алуды/сатуды ҚР заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделген Клиенттің жазбаша тапсырмалары негізінде жүзеге асырады.
46. Аффинирленген бағалы металды сатып алу-сату операциялары бойынша ақша бірлігі теңге болып табылады.
47. Құймалардағы аффинирленген бағалы металдармен операцияларды жүргізу ерекшеліктері:
  - 1) Банк Банктің филиалдары, бөлімшелері, кассалары немесе Банктің ішкі құжаттарында айқындалған өзге арналар арқылы құймалардағы (ҚР ҰБ шығарған) аффинирленген бағалы металдармен келесі операцияларды жүргізеді:
    - а) арнайы қаптамасы бүтін/арнайы қаптамасы ашылған құймалардағы аффинирленген бағалы металдарды сатып алу;
    - б) арнайы қаптамасы бүтін құймалардағы аффинирленген бағалы металдарды сату.
  - 2) Құймалардағы аффинирленген бағалы металды сатып алудың/сатудың ең төменгі көлемі 5 (бес) грамды құрайды.
- 47-1. Аллокирленбеген металл шоты бойынша аффинирленген бағалы металдармен операциялар жүргізу ерекшеліктері:
  - 1) Аллокирленбеген металл шоты бойынша келесі операциялар жүргізіледі:
    - а) Банктен сатып алынған аффинирленген бағалы металды аллокирленбеген металл шотына есепке қосу;
    - б) аффинирленген бағалы металды аллокирленбеген металл шотынан есептен шығару (Банкке сату).

- 2) Аллокирленбеген металл шоты бойынша операциялар иесіздендірілген (физикалық емес) нысанда жүргізіледі.
  - 3) Аллокирленбеген металл шотына аффинирленген бағалы металды есепке жазу және есептен шығару Клиенттің Банкке ұсынған тапсырмасы негізінде, қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып, Банк пен Клиент арасындағы Аллокирленбеген металл шоты шартында/Жалпы шарттарда және/немесе тиісті процесті реттейтін Банктің ішкі құжаттарында (ІҚ) көзделген тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асырылады.
  - 4) Аффинирленген бағалы металды есепке қосуға/есептен шығаруға арналған тапсырмадағы аффинирленген бағалы металдың саны осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген талапты ескере отырып, дөңгелектеу ережелерін қолданумен грамның 1/1000-не (бір мыңнан біріне) дейінгі дәлдікпен анықталады.
  - 5) Аффинирленген бағалы металды сатып алудың/сатудың ең төменгі көлемі 1 (бір) грамды құрайды.
  - 6) Аффинирленген бағалы металл немесе оның құны Аллокирленбеген металл шоты шартына сәйкес кез келген мерзімділікпен біржолғы немесе жекелеген жарналармен аллокирленбеген металл шотына енгізілуі мүмкін.
48. Қосымша банк операцияларын жүргізудің нақты талаптары тиісті процесті реттейтін Банктің ішкі құжаттарында (ІҚ), сондай-ақ Клиентпен жасалатын нақты шарттарда белгіленеді.

#### **10-тарау. Қосымша банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтер**

49. Банк қосымша банктік қызметтер көрсеткені және олар бойынша операцияларды жүргізгені үшін Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялар алады.
50. Банктік өнімдерге (қызметтерге) баға белгілеуді анықтау және тарифтерді белгілеу тәртібі Банктің Тарифтік саясатымен белгіленеді.
51. Банктің Тарифтік саясатын Директорлар кеңесі бекітеді.
52. Банктік операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтер қызметтердің тартымдылығын, рентабельді қызметті және Банктің табыс алуын қамтамасыз ету мақсатында банктік өнімдердің өзіндік құны мен қалыптасқан нарық конъюнктурасы негізінде анықталады.
53. Банктің банктік операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге арналған мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті (ең төменгі және ең жоғары) шамаларын Банктің Директорлар кеңесі бекітеді және олар осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.  
Мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті төменгі және жоғарғы шекаралары шеңберінде Банктің уәкілетті органы базалық (стандартты) тарифтерді, тарифтік топтарды (тарифтік жоспарларды/топтамаларды), акция шеңберіндегі мөлшерлемелер мен тарифтерді, жеке тарифтерді белгілейді.
54. Банк қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтер бекітілген және оларға өзгерістер енгізілген күндер туралы мәліметтерді, ІҚ нөмірлерін және оларды бекіткен (қабылдаған) органды көрсете отырып, қосымша банк қызметтері үшін мөлшерлемелер мен тарифтер туралы өзекті ақпаратты филиалдарында (олардың үй-жайларында) және өзінің интернет-ресурсында орналастырады.
55. Банктің осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Директорлар кеңесі бекіткен шекті шамалар шеңберінде қолданыстағы тарифтердің/сыйақы мөлшерлемелерінің көлемін өзгерту және/немесе жаңа тарифтерді/сыйақы мөлшерлемелерін енгізу Банктің бастамасы бойынша келесі рәсімді сақтай отырып жүзеге асырылуы мүмкін: Банк өзгертілген/жаңа тарифті/сыйақы мөлшерлемесін қолданысқа енгізу жоспарланған

күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын бұл туралы Банктің интернет-ресурсында және филиалдарында/бөлімшелерінде ақпарат орналастыру арқылы Клиентке хабарлайды. Егер осындай хабарламадан кейін Клиент Банк қызметтерін пайдалануды жалғастырса, бұл тараптар арасында қолданыстағы тарифтердің/сыйақы мөлшерлемелерінің көлемін өзгерту және/немесе жаңа тарифтерді/сыйақы мөлшерлемелерін енгізу бөлігінде шарттық қатынастарды өзгерту туралы келісімге қол жеткізілгенін білдіреді.

**10-1-тарау. Банкаралық қарыздарды (банкаралық қаржыландыруды), банкаралық кепілдіктерді, банкаралық кепілгерліктерді, сондай-ақ өзге банкаралық операцияларды жүргізудің жалпы талаптары.**

- 55-1. Банк Контрагенттермен банкаралық қарыздарды (банкаралық қаржыландыруды), банкаралық кепілдіктерді, банкаралық кепілгерліктерді, сондай-ақ өзге банкаралық операцияларды Бас келісімнің немесе Банктің Контрагентпен ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен талаптарын сипаттайтын өзге құжаттың негізінде жүргізеді.
- 55-2. Әрбір Контрагентпен бөлек Бас келісім немесе Банктің Контрагентпен ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен талаптарын сипаттайтын өзге құжат жасалады.
- 55-3. Іскерлік қатынастар орнатудың алдында Банк Контрагентті ҚЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ бақылау тізімдері, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар бойынша және қаржылық орнықтылықтың ағымдағы көрсеткіштері бойынша тексереді.
- 55-4. Белгілі бір Контрагентпен операцияларды жүргізу үшін Банкте қолданыстағы ІҚ негізінде Контрагентпен операцияларды жүргізуге арналған лимиттер белгіленеді.
- 55-5. Банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер, сондай-ақ өзге банкаралық операциялар Контрагенттерге арналған лимиттер, мәмілелерді жасауға арналған елдік лимиттер сақталған кезде, мәміле орындалған сәтте қолданыста болған және Банктің уәкілетті органы бекіткен өзге қолданылатын лимиттер мен шектеулер болған жағдайда жасалады.
- 55-6. Контрагенттің атынан операцияларды жүргізуге уәкілеттік берілген тұлғаларды анықтау үшін Банк осындай Контрагенттен тиісті сенімхаттарды сұратады.
- 55-7. Банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер бойынша мәмілелерді, сондай-ақ өзге банкаралық операцияларды тікелей жасау үшін Банк әртүрлі сауда-ақпараттық жүйелерді (Bloomberg/ Reuters), корпоративтік пошта мен телефон байланысын, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген Контрагентпен өзара әрекеттесудің жасаудың басқа арналарын пайдаланады.
- 55-8. Банк қызметкерлері Банкаралық мәмілелерді бухгалтерлік есепте көрсету үшін жасалған мәмілелер бойынша бүкіл ақпаратты АБАЖ-ға енгізеді.
- 55-9. Жасалған мәмілелер бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін Банк пен Контрагент деректерді берудің мамандандырылған, қорғалған арналары арқылы тиісті растаулармен алмасады.
- 55-10. Жүргізілген операциялардың дұрыстығын кейінгі бақылау мақсатында Банк мәмілеге қатысатын тиісті шоттар бойынша үзінді көшірмелерді жасалған мәмілелердің параметрлерімен салыстырып тексереді.
- 55-11. Банк Контрагентке банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер бойынша операциялар жүргізуден, сондай-ақ өзге банкаралық операцияларды жүргізуден, тіпті бекітілген қолданыстағы лимиттер болғанда, себептерін түсіндірусіз бас тартуға құқылы.

- 55-12. Банк пен Контрагенттің негізгі құқықтары мен міндеттері тиісті Бас келісіммен немесе Банктің Контрагентпен ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен талаптарын сипаттайтын өзге құжатпен регламенттеледі.
- 55-13. Жүргізілген операциялар бойынша қандай да бір даулар туындаған жағдайда Банк пен Контрагент оларды жасалған Бас келісімге немесе Банктің Контрагентпен ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен талаптарын сипаттайтын өзге құжатқа сәйкес шешеді.

### **11-тарау. Банктік қызметтер көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі.**

56. Банк Клиенттердің келесі өтініштерімен жұмыс жүргізеді:
- 1) қолма-қол, пошта/курьерлік байланыс арқылы түскен жазбаша өтініштермен;
  - 2) телефон арқылы және клиент Банкке тікелей келген кезде берілген ауызша өтініштермен;
  - 3) Банктің интернет-ресурсы, Банктің электрондық поштасы арқылы, әлеуметтік желілер, мобильді қолданба және қашықтықтан қол жеткізу жүйесі арқылы түсетін электрондық өтініштермен.
57. Банктің Бас кеңсесі мен филиалдарындағы Банктің уәкілетті тұлғалары Банктің Басқарма Төрағасы, филиал директоры (филиалда) бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес кемінде айына бір рет жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді.
- Қабылдау жұмыс орны бойынша интернет-ресурста жарияланған ақпаратқа сәйкес жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген белгіленген күндер мен уақытта жүргізіледі.
- Егер Банктің уәкілетті тұлғасы өтінішті қабылдау кезінде шеше алмаса, Клиент өз мәселесін жазбаша нысанда мазмұндайды және онымен жұмыс жазбаша өтініш ретінде жүргізіледі.
58. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің ІҚ-на сәйкес деректемелерді қамтитын жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.
59. Төмендегілер қаралмайды:
- 1) анонимді өтініш, соның ішінде Клиенттің оларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны туралы растаулар ұсынылмай, Банк Клиенттеріне қатысты үшінші тұлғалардан түскен өтініш;
  - 2) мәселенің мәні баяндалмаған, соның ішінде байланыс деректері (телефон, электрондық пошта мекенжайы) көрсетілмеген өтініш.
60. Егер өтінішті қараусыз қалдыруға негіз болған жағдайлар кейіннен жойылса, Банк немесе лауазымды тұлға аталған өтінішті белгіленген мерзімде қарауға міндетті.
61. Бір тұлғаның мүддесіне байланысты бір мәселе бойынша бірнеше өтініш түскен жағдайда, бірінші өтініш негізгі өтініш ретінде тіркеледі, ал кейінгілері негізгі өтінішке қоса тіркеледі және бірінші өтініш түскен күннен бастап есептелетін белгіленген мерзім шегінде оларды қарау нәтижелері туралы Клиентке хабарлай отырып, бір өтініш ретінде қаралады.
62. Жеке тұлғаның өтінішінде оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, байланыс телефоны, заңды тұлғаның өтінішінде — оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс телефоны, егер Банктің ІҚ-да өзгеше көзделмесе, шығыс нөмірі мен күні көрсетілуге тиіс. Өтінішке Клиент/Клиенттің уәкілетті тұлғасы қол қоюға немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен/ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілмен куәландырылуға тиіс.

63. Банкке жазбаша жүгінген Клиентке оның қағаз жеткізгіштегі жазбаша өтінішінің қабылданғанын растайтын құжат беріледі немесе өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді (осы Қағидалардың 59-тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып).
64. Банктің интернет-ресурсы арқылы түсетін өтініштер Банктің ІҚ-да көзделген тәртіппен тіркеледі.
65. Банктің ақпараттандыру объектілері, соның ішінде мобильді қолданба арқылы түсетін Клиенттердің өтініштері Банктің ІҚ-да көзделген тәртіппен тіркеледі. Осы мақсаттар үшін ақпараттандыру объектілерінде, соның ішінде мобильді қолданбада Клиент оңай түсінетін шағым беру функционалы көзделеді. Клиенттің мұндай өтініші бойынша жауап та ақпараттандыру объектісі арқылы беріледі.
66. Клиенттердің телефон арқылы берілген өтініштері тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесулерді жазу әңгіме басында бұл туралы хабардар ете отырып, оның келісімімен жүргізіледі.
67. Банкке ауызша нысанда (телефон арқылы немесе Клиент Банк кеңсесіне жеке келген кезде) түскен өтініштер дереу қаралады, және егер сондай мүмкіндік болса, Клиенттің ауызша өтінішіне жауап бірден беріледі. Ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Клиент жазбаша нысанда мазмұндайды және онымен жұмыс жазбаша өтініш ретінде жүргізіледі. Клиент жауап алу үшін қажетті рәсімдер мен осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі.
68. Банк өтінішті қарау кезінде ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, клиенттен қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады. Егер Клиент сұратылған құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаса, Банк өтінішті қараусыз қалдыруға құқылы.
69. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе орналасқан жеріне барып тексеру жүргізу талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.
70. Қарау үшін қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу, өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе орналасқан жеріне барып тексеру жүргізу талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтінішін қарау мерзімі осы Қағидалардың 69-тармағы ескеріле отырып, ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін, бұл туралы клиентке қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен хабарланады.
71. Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, Клиенттерге олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар/шешімдер туралы хабарлайды.  
Клиентке өтінішті қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап қазақ тілінде немесе өтініш берілген тілде беріледі және онда Клиент баяндаған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге мәселеге қатысты қолданыстағы заңнаманың, Банктің ІҚ-ның, қаралып отырған мәселеге қатысы бар шарттардың тиісті нормаларына, сондай-ақ қабылданған шешімге шағым жасауға Клиенттің құқығы түсіндіріле отырып, қаралып отырған мәселенің нақты мән-жайларына сілтеме жасалған негізді және уәжді дәлелдер қамтылуға тиіс.
72. Клиенттің өтініші негізді және заңды болған жағдайда, Банк бұзушылықты жою және Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
73. Жазбаша өтінішке қатысты жауапқа Банктің уәкілетті тұлғасы немесе сенімхат/өкімдік құжат негізінде уәкілеттіктер берілген/тапсырылған Банктің өзге тұлғасы қол қояды. Қолтаңбаны факсимилелік көшіру құралдарын немесе Банктің ІҚ-да көзделген өзге тәсілді пайдалануға жол беріледі.
74. Клиенттің жазбаша өтінішіне жауап беру банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәсілмен жүзеге асырылады.

75. Банк осы Қағидаларда көзделген және шотқа/Клиентке қатысы бар барлық хабарламалар, хабарландырулар, құжаттар, хат-хабарлар және өзге ақпаратты Клиентке келесі тәсілдердің бірімен жібереді:

- 1) Клиент Банкке келген кезде — жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойыла отырып, жеке өзіне (немесе оның уәкілетті өкіліне) қол қойғызып табыс етіледі;
- 2) алғаны туралы қолхатпен немесе оны алусыз курьерлік немесе өзге қызмет арқылы поштамен жіберіледі;
- 3) тиісті бағдарламалық-техникалық құралдардың көмегімен автоматты режимде қалыптастырылған, алынғаны туралы растаумен электрондық пошта арқылы жіберіледі;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарында немесе Банк кеңселерінде ақпарат орналастыру немесе интернет-ресурста жариялау арқылы;
- 5) жалпы қалалық немесе ұялы байланысты пайдалана отырып, сондай-ақ сөйлесуді жаза отырып немесе жазусыз телефон арқылы Клиентке ауызша хабарланады;
- 6) Банктің белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес техникалық шешімдерде көзделген, пайдалануға рұқсат етілген мессенджерлер мен байланыс арналары арқылы, заңды/жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі арқылы жеке кабинетке, мобильді қолданба, Flash Call арқылы push-хабарламалар, SMS-хабарламалар жіберу жолымен.

76. Жауап Клиентке келесі тәсілдермен жіберілсе, жеткізілген деп есептеледі:

- 1) банктік қызмет көрсету шартында немесе Клиенттің өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, соның ішінде оны қарыз алушының көрсетілген мекенжай бойынша бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған кезде;
- 2) банктік қызмет көрсету шартында немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- 3) жауабы бар немесе Клиентке арналған жауаптың толық мәтіні бар интернет-ресурстың сілтемесі бар мәтіндік SMS-хабарлама немесе Push-хабарлама жіберу арқылы;
- 4) банктік қызмет көрсету шартында көзделген, клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге байланыс құралдарын (соның ішінде Flash Call, Банктің белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес техникалық шешімдерінде көзделген, пайдалануға рұқсат етілген мессенджерлер мен байланыс арналарын) пайдалана отырып.

Жауап адресатқа, алушыға табыс ету мүмкін еместігі туралы белгімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, жауап тиісті түрде берілді деп есептеледі.

77. Өтініштерді қарауды талдау және бақылау функциялары Банктің ІҚ-на сәйкес айқындалған Банктің құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі және олар төмендегіні қамтиды қамтиды:

- 1) тиісті өтініштің берілуіне негіз болған себептерді анықтау және жою үшін Банк Клиенттерінің өтініштерін талдау және қорыту;
- 2) Банк үшін Банк Клиенттерінің өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 3) Банк Клиенттерінің өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Банк басшылығына осы қаржылық қызметті тұтынушылардың барлығына қатысты анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қажетті шаралар және Банк қызметінде мұндай бұзушылықтарға жол бермеу үшін превентивті шаралар туралы ұсыныстар енгізу.

## **12-тарау. Банк пен Клиенттердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

78. Банктің және оның Клиенттерінің қолданыстағы заңнамаға және Банк пен клиент арасында жасалған шарттарға сәйкес құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі болады.
79. Банк пен Клиенттер арасындағы шарттар Банк белгіленген тәртіпте әзірлеген және бекіткен шарттардың нысандары бойынша жасалады.
80. Банк пен Клиенттер шарттардың талаптарын сақтауға және шарттардың талаптарымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға міндетті.
81. Банк өзінің іскерлік беделін қорғауға ұмтылады және ақшаны «жылыстатуға», күдікті операцияларға қарсы күрес, халықаралық экономикалық санкциялар бойынша талаптарды орындаудан жалтаруға/айналып өтуге, қолданыстағы заңнаманың, Банктің ІҚ-ның, осы Қағидалардың талаптарын орындаудан жалтаруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық стандарттар саясатын ұстанады.
82. Банк құқылы:
  - 1) аллокирленбеген металл шоттарын ашқан және жүргізен кезде Аллокирленбеген металл шоты шартының талаптарына немесе өзге ІҚ-ға сәйкес қажетті құжаттарды талап етуге;
  - 2) келесі жағдайларда Клиенттің тапсырмаларын орындаудан бас тартуға:
    - а) олар қолданыстағы заңнамаға қайшы келген жағдайда;
    - б) Клиент қолданыстағы заңнамада белгіленген төлем құжаттарын толтыру ережелерін және оларды ұсыну мерзімдерін бұзған кезде;
    - в) Клиент аллокирленбеген металл шоттары бойынша операцияларды жүзеге асыру және бағалы металдармен операцияларды жүзеге асырғаны үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны төлеу үшін ағымдағы шоттағы ақша сомаларының жеткіліктілігін қамтамасыз етпеген кезде;
    - г) ҚР заңнамасында көзделген өзге жағдайларда;
  - 3) осы Қағидалардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, жүргізілетін операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін, қосымша банктік қызметтер көрсеткені үшін тарифтерді өз бетінше белгілеуге, оларды өз бетінше өзгертуге;
  - 4) шотқа ақша қате есептелген, Банктің есептік-кассалық қызметтеріне ақы төлеу бойынша берешек туындаған жағдайларда және қолданыстағы заңнамада көзделген өзге жағдайларда Клиенттердің келісімін алусыз, олардың шоттарынан ақшаны алуға (есептен шығаруға);
  - 5) қолданыстағы заңнамада және жасалған шарттарда, сондай-ақ банктік шотты тікелей дебеттеудің үлгілік нысанында көзделген жағдайларда және тәртіпте Клиенттің шотын тікелей дебеттеу арқылы Клиенттердің шоттарынан ақшаны және комиссиялық сыйақыны алып қоюға;
  - 6) Клиенттің шарттық міндеттемелерді мәжбүрлі түрде орындауын қамтамасыз ету мақсатында сот органдарына жүгінуге;
  - 7) Банктің ішкі процестерінен, қолданыстағы заңнаманың талаптарынан туындайтын, клиенттер жүргізетін операцияларға белгілі бір талаптарды, тыйымдар мен шектеулерді енгізуге, Банк қызметтерін көрсетуді шектеуге, заңды/жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі/мобильді қолданба арқылы қызметтерді пайдалану құқығын кері қайтарып алуға;
  - 8) қолданыстағы заңнамада, осы Қағидаларда, Банктің ІҚ-да көзделген жағдайларда, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде халықаралық экономикалық

- санкциялардың талаптарына сәйкес Клиенттің нұсқаулықтарын орындамауға;
- 9) клиенттен Банк қызметін көрсету, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Банктің қолданыстағы заңнаманың, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын, Банктің ІҚ-ны сақтауы үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты, соның ішінде ақшаның шығу көзі, оның нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы бойынша сұратуға, сондай-ақ Foreign Account Tax Compliance (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес АҚШ-тың Ішкі кірістер қызметіне (Internal Revenue Service), Organisation for Economic Co-operation and Development (бұдан әрі – ЭЫДҰ) талаптарына сәйкес Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының салық қызметтеріне, соның ішінде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін сұратуға;
  - 10) Жалпы шарттардың, банктік қызмет көрсету шарттарының, осы Қағидалардың талаптары бұзылған жағдайда, банктік қызмет көрсету шартының қолданылуын кез келген мерзімге уақытша тоқтатуға және/немесе оны бұзуға және/немесе Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
  - 11) Банкте алаяқтық операциялардың жүргізілгені туралы күдіктер болған кезде және/немесе Банк Клиентті және/немесе ол жүргізетін/оның пайдасына жүргізілетін операцияларды тиісінше тексеру рәсімін жүргізген кезде, және/немесе ақшаны ықтимал жылыстату, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру күдіктері болған кезде, және/немесе клиенттің күдікті/күмәнді операцияға тартылуы/қатысуы болған кезде және/немесе клиент жүргізетін операциялар/әрекеттер Банктің белгіленген рәсімдерін айналып өтуге/олардан жалтаруға бағытталған кезде Клиентке хабарлаусыз, мән-жайлар анықталғанға дейін банктік шот бойынша операцияларды бұғаттауға/банктік шоттарды бұғаттауға;
  - 12) қолданыстағы заңнаманың және Банктің ІҚ-ның талаптарына, Банк үшінші тұлғалармен жасаған шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттен өзге құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
  - 13) осы Қағидалардың, Жалпы шарттардың талаптарын орындау мақсатында, соның ішінде Банкке сұратылған құжаттар және/немесе мәліметтер ұсынылмаған немесе толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, тәуекелге бағдарланған тәсілді негізге ала отырып, қолданыстағы заңнамада, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекетінің заңнамасында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарына сәйкес Клиенттің операция жүргізуін уақытша тоқтатуға және (немесе) одан бас тартуға, Клиентпен іскерлік қатынастарды бұзуға және кез келген банктік өнімдерді/қызметтерді ұсынуды қоса алғанда, банктік қызмет көрсету шартының қолданысын тоқтатуға;
  - 14) Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекетінің заңнамасын және халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын сақтауы мақсатында, Банкке операциялар жүргізу үшін ұсынылған кез келген түрдегі деректерді алу,

тексеру/қайта тексеру бойынша қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруға;

- 15) Клиенттің банктік шоттарына уақытша шектеулер қоюға, соның ішінде Банк тиісінше тексеру жүргізген сәтте және/немесе қолданыстағы заңнаманың, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде шектеу қоюға;
- 16) Банк тиісінше тексеру жүргізген сәтте және/немесе қолданыстағы заңнаманың, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде Клиент тарапынан Банк ауызша және/немесе жазбаша нысанда сұратқан растаушы құжаттар, тиісті жазбаша түсініктемелер Банкке ұсынылмаған жағдайда, Клиенттің банктік шоттарына уақытша шектеулер қоюға;
- 17) Клиенттен (оның өкілінен) клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті немесе жеткілікті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салықтық резиденттігі, қызмет түрі және ақшалай қаражаттың шығу көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;
- 18) Клиенттің тиісті шартқа қол қою арқылы берілген алдын ала келісімі болған кезде, клиенттің кінәсінен осындай тексерулерді белгіленген тәртіппен жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Клиентті, оның бенефициарлық меншік иелерін, олардың қызметін тексеруге байланысты мақсаттарға ақшаны Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған кез келген тәсілмен есептен шығаруға;
- 19) Банк тиісінше тексеру жүргізген сәтте және/немесе қолданыстағы заңнаманың, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде Банкте ашылған банктік шоттарға уақытша шектеулер қоюға, қолданыстағы заңнаманың және/немесе Банктің ІҚ-ның талаптарына сәйкес операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға;
- 20) халықаралық/үкіметаралық келісімдерде, шетел заңнамасында, қолданыстағы заңнамада, Банктің ІҚ-да көзделген жағдайларда және негіздер бойынша төменде көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша операцияны жүргізуді, Банктің өнімін/қызметін ұсынуды уақытша тоқтатуға/одан бас тартуға және/немесе Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға/аллокирленбеген металл шотын жабуға:
  - a) Клиенттің/клиент контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына түседі немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздер болған жағдайда;
  - b) Клиент және/немесе Клиенттің уәкілетті тұлғалары жүзеге асыратын операциялар/мәмілелер қолданыстағы заңнамада, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада, АҚШ-тың, Еуропалық одақтың, БҰҰ-ның, Ұлыбританияның халықаралық экономикалық санкцияларында және/немесе осы Қағидаларда, Банктің ІҚ-да көзделген талаптардан жалтаруға және/немесе оларды айналып өтуге, және/немесе орындамауға бағытталған операцияларды/ мәмілелерді/ әрекеттерді жасаумен байланысты болған жағдайда;
  - c) Банктің Клиентті және/немесе ол жүзеге асыратын операцияларды/ мәмілелерді, Клиенттің уәкілетті тұлғаларын, Клиент олардың мүддесі үшін аллокирленбеген металл шоты бойынша операциялар жасайтын тұлғаларды тиісінше тексеру, соның ішінде заңды/жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі/мобильді қолданба арқылы

операцияның заңнама талаптарына сәйкестігін растау бойынша шараларды жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда;

- d) Банк сұратқан құжаттар/ақпарат кез келген себептермен ұсынылмаған немесе Банктің талаптарын қанағаттандырмаған, немесе Клиенттің тапсырмасы қолданыстағы заңнама талаптарына қайшы келген, немесе Клиент қолданыстағы заңнама талаптарын орындаудан жалтарған, немесе Клиент Банкке сұратылған ақпаратты, құжаттарды ұсынудан бас тартқан жағдайда;
- e) Клиент Банкке шынайы емес, дұрыс емес, бұрмаланған, қарама-қайшы, толық емес ақпаратты ұсынған, соның ішінде Банктің Клиентке қызметтер көрсетуі, операциялар жүргізуі, валюталық шартты қабылдауы және оған қызмет көрсетуі мақсатында және басқа негіздер бойынша Клиенттің Банкті және оның қызметкерлерін қасақана адастыру бойынша әрекеттері, жалған құжаттарды, мәліметтерді ұсынған жағдайда;
- f) Клиент тиісінше тексеру жүргізуге қажетті құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес осындай жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, FATCA талаптарына сәйкес АҚШ-тың Ішкі кірістер қызметіне (Internal Revenue Service), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес, соның ішінде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы осы ұйымның салық қызметтеріне Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда;
- g) Клиенттің операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында және/немесе Клиенттің заңсыз, құқыққа қайшы, қылмыстық қызметті жүзеге асыруы мақсатында жасалады, пайдаланылады деген күдік туындаған және/немесе Клиент Банкті қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру процестеріне немесе өзге қылмыстық қызметке тартуға бағытталған әрекеттерді жасаған жағдайда;
- h) қолданыстағы заңнамада, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасында, соның ішінде халықаралық экономикалық санкциялар талаптарында және/немесе ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда, осы Қағидаларда, Жалпы шарттарда, Банктің ІҚ-да, Банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдері мен шарттарында көзделген негіздер бойынша;
- i) Клиент қосымша банктік операцияларды жүргізу кезінде оның алаяқтық әрекеттер жасағанына күдік туындаған, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Клиент тыйым салынған қызмет түрлері/ қызметтер/ тауарлар бойынша операцияларды жасаған, жасауға әрекеттенген жағдайда;
- j) Клиент және/немесе Клиенттің уәкілетті тұлғалары терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен және экстремизммен байланысты тұлғалардың ұлттық тізбесіне және/немесе өздеріне қатысты жаһандық халықаралық экономикалық, саяси және өзге санкциялар қолданылатын тұлғалар мен ұйымдардың тізіміне және/немесе тұлғалар мен ұйымдардың банкішілік тізбесіне енгізілген, соның ішінде Банктің осындай операцияларды жасауы Банкке қатысты шектеулердің және/немесе жоғарыда көрсетілген

- санкциялардың қолданылуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;
- k) Клиент Банктің қызмет көрсетуі кезінде биометриялық сәйкестендіруден өтуден бас тартқан жағдайда;
  - l) Клиент және/немесе Клиенттің уәкілетті тұлғалары Клиенттің банктік шотын пайдалану құқығын бұған заңды негіздері жоқ басқа үшінші тұлғаларға (өкіл, сенім білдірілген тұлға) беру бойынша әрекеттер жасаған жағдайда;
  - m) Клиент және/немесе Клиенттің уәкілетті тұлғалары жүзеге асыратын операциялар/мәмілелер химиялық, биологиялық және ядролық қаруға және олардың құрамдас бөліктеріне, әскери мақсаттағы заттарға жататын заттарды және тек дәрілік препараттарды ғана емес, сонымен қатар уытты және күшті әсер ететін басқа да синтетикалық және табиғи заттарды қамтитын дәрілік заттарды, заттарды сатып алу-сатумен, тасымалдаумен, дайындаумен, сақтаумен, өткізумен байланысты болған жағдайда;
  - n) уәкілетті мемлекеттік органдар банктік шот бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтатқан, немесе банктік шоттағы ақшаға тыйым салынған, немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамада, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасында көзделген негіздер болған жағдайларда Клиентке банктік шоттан ақша алу бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға;
  - o) Банк Клиенттің осы Қағидалар, банктік қызмет көрсету шарттары, Жалпы шарттар бойынша міндеттемелерінің кез келгенін тиісінше орындамау қаупінің бар екенін (соның ішінде осы Қағидалар, банктік қызмет көрсету шарттары, Жалпы шарттар талаптарының жарамдылығына дауласуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) анықтаған жағдайда;
  - p) Банк Шарттың, қолданыстағы заңнаманың және Банктің қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттері заңнамасының, Банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдері мен шарттарының және корреспондент-банктің талаптары бұзылуда немесе бұзылуы мүмкін деп санаған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және клиентке таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда (соның ішінде операция түріне, клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдерге байланысты санкцияларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей);
  - q) Банкте Клиенттің немесе контрагенттің операциялары қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметімен байланысты, оның мүдделері үшін жүзеге асырылады (оның шотына ақша есептеумен және (немесе) оның шоттарынан ақша алумен шектелмей), сондай-ақ қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін қаржыландыруға немесе оның қызметін жарнамалауға бағытталған деген күдіктер болған жағдайда;
  - r) қолданысы Банкке және оның клиентіне немесе контрагентіне таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда (соның ішінде операция түріне, клиенттің немесе контрагенттің және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес және қауымдасқан ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сондай-ақ осы елдерге, осы тұлғаларға немесе осы елдерден, осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты санкцияларды қоса

алғанда, бірақ онымен шектелмей);

- s) Клиентке, оның өкіліне немесе бенефициарлық меншік иесіне қатысты олардың экстремистік және террористік қызметке қатысуы, осындай ұйымдар мен тұлғалардың меншігінде немесе бақылауында болуы туралы мәліметтер болған, немесе олар осындай ұйымдардың нұсқауы бойынша әрекет еткен жағдайларда;
  - t) Банктің және оның Клиенттерінің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, оларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін өзге жағдайларда.
- 21) Клиенттің алдын ала келісімін алусыз күнтізбелік 1 (бір) жыл бойы ондағы қалдық нөлге тең болған жағдайда аллокирленбеген металл шотын жабуға, бұған Клиент сөзсіз келісімін береді.

83. Банк міндетті:

- 1) осы Қағидалардың 2, 12-тарауларында баяндалған талаптар сақталған жағдайда, клиенттің шоттарына ақша есептеу және шоттарынан ақшаны есептен шығару бойынша операцияларды жүзеге асыруға;
- 2) жасалған шарттарға сәйкес аллокирленбеген металл шотына қызмет көрсету бойынша қызметтердің толық кешенін ұсынуға;
- 3) Клиенттің аллокирленбеген металл шоты бойынша операцияларды қолданыстағы заңнамада және Банктің ІҚ-да белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға;
- 4) клиенттің талап етуі бойынша клиенттің Банктегі АМШ-дағы ақша қалдықтары мен айналымдары туралы және жүргізілген операциялар туралы ақпаратты ұсынуға;
- 5) қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда және негіздер бойынша банктік құпияны құрайтын мәліметтерді ұсына отырып, өз клиенттерінің операциялары бойынша құпиялылыққа кепілдік беруге;
- 6) Банкке тиесілі барлық комиссиялар төленгеннен кейін Клиентке аффинирленген бағалы металдардың құнын операция жасалған күнге (аффинирленген бағалы металдарды есептен шығару) Банк белгілеген бағам бойынша қазақстандық теңгемен ақшалай баламада қайтаруға;
- 7) қолданыстағы заңнамада және/немесе Клиентпен жасалған шарттарда көзделген өзге міндеттерді атқаруға.

84. Банк Клиенттері құқылы:

- 1) Аллокирленбеген металл шоты шартына сәйкес аллокирленбеген металл шотына қызмет көрсету бойынша қызметтердің толық кешенін алуға;
- 2) Банкке аллокирленбеген металл шоты бойынша операцияларды жасауға тапсырмалар беруге;
- 3) Банктен банктік операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы ақпарат алуға;
- 4) сот органдарының шешімдерімен белгіленген Банк кінәсінің дәлелдері болған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банк келтірген залалды өтеуді талап етуге;
- 5) қолданыстағы заңнамада және/немесе Банкпен жасалған шарттарда көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.

85. Банк Клиенттері міндетті:

- 1) осы Қағидаларда, Банкпен жасалған шарттарда көзделген міндеттемелерді толық көлемде орындауға;
- 2) Банктің қолданыстағы заңнамада көзделген міндеттерді орындауына қажетті мәліметтер мен құжаттарды, соның ішінде бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді, ақшалай қаражаттың шығу тегін және нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды Банкке ұсынуға;

- 3) банктік өнімдерді/қызметтерді алу, операцияларды жүргізу кезінде қолданыстағы заңнаманың талаптарын, соның ішінде валюталық заңнаманы және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасын, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын толық көлемде сақтауға;
  - 4) Банктің бірінші талабы бойынша, Банк белгілеген мерзімдерде валюталық бақылауды жүзеге асыру, қолданыстағы заңнаманың, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтау, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ «Өз клиентіңді біл» («Know Your Client») рәсімдерінде немесе Банкте бар және/немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа осыған ұқсас рәсімдерде көзделген барлық талаптарды сақтау, FATCA талаптарына сәйкес клиенттің деректерін/дербес деректерін АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service), ЭЫДҰ (OECD) талаптарына сәйкес Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының салық қызметтеріне, соның ішінде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру мақсатында ол сұратқан кез келген құжаттары мен ақпаратын, соның ішінде ақшаның шығу көзі, оның нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы бойынша ұсынуға және/немесе ұсынылуын қамтамасыз етуге. Клиенттің Банк сұратқан құжаттама мен ақпаратты ұсынбауы Банктің қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуы немесе одан бас тартуы үшін негіз және/немесе Банктің осы Қағидаларда және Жалпы шарттарда көзделген тәртіппен Банктік қызмет көрсету шартынан біржақты тәртіппен бас тартуы үшін негіз болуы мүмкін;
  - 5) Банкке қашықтықтан банктік қызметтер көрсету кезінде биометриялық сәйкестендіруді жүргізуге келісім беруге;
  - 6) қолданыстағы заңнамада көзделген талаптарды қоспағанда, Банкке растайтын құжаттар топтамасын, соның ішінде ҚР аумағында қызметті жүзеге асыруға рұқсаты бар компаниямен жасалған шарттың бар екені туралы құжаттарды ұсынған жағдайда, тыйым салынған аударымдарды/тыйым салынған қызмет түрлері/қызметтер/тауарлар бойынша, соның ішінде цифрлық активтермен операцияларды жүргізбеуге;
  - 7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банкке келтірілген залалды өтеуге;
  - 8) қолданыстағы заңнамада, ҚР қол қойған және мойындаған халықаралық шарттарда көзделген, банктік қызметті жүзеге асырудың халықаралық қағидалары мен әдет-ғұрыптарынан туындайтын өзге міндеттемелерді мойнына алуға;
  - 9) қолданыстағы заңнамада және/немесе Банкпен жасалған шарттарда көзделген жауаптылықты өтеуге және өзге де міндеттерді мойнына алуға.
86. Банк және оның Клиенттері өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін ҚР нормативтік құқықтық актілеріне, осы Қағидаларға және тиісті шарттарға сәйкес жауапкершілік алады. Клиент шот ашуға және ол бойынша операцияларды жүргізуге, банктік өнімдерді/қызметтерді алуға байланысты ұсынылатын ақпараттың/құжаттардың өзекті, толық әрі шынайы болуы үшін жауапкершілік алады.
87. Банк Клиенттің төлем құжаттарын дұрыс ресімдегені салдарынан Клиенттің ақшасының уақтылы емес немесе қате есептен шығарылуы, сондай-ақ есеп айырысу

құжаттарын өңдеудің белгіленген мерзімдерден тыс кешіктірілуі орын алған жағдайлар үшін жауапты болмайды.

88. Шарт (іскерлік қарым-қатынастар) біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда, Банк шарттың (іскерлік қарым-қатынастардың) болжамды тоқтатылу күніне дейін кемінде 2 (екі) күн бұрын (егер Банк пен Клиент немесе контрагент арасында жасалған шарттарда өзгеше мерзім белгіленбесе), Клиентке тиісті хабарлама жіберу арқылы осындай тоқтату жөнінде Клиентке хабарлайды. Операцияны жүргізуден бас тартылған жағдайда, Банктің осындай тұлғалармен жасаған шарттарында (соның ішінде жария шарттарда), Банктің ІҚ-да белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Клиентке хабарлама жіберіледі.
89. Клиент:
- 1) ҚР мемлекеттік органдары, Банк, оның корреспондент-банктері, электрондық қызметтер көрсетушілер, банкаралық ақша аударымы жүйесі, өзге төлем жүйелері мен электрондық ақша жүйелері, олардың операторлары, операцияны жүргізу үшін қатысуы қажет өзге тұлғалар белгілеген;
  - 2) Банктің қызметіне жанасатын және аумағында Банк (немесе оның қатысуымен) және оның клиенті немесе контрагенті жүргізетін операцияның кез келген қатысушысы, операцияға қатысушы банк орналасқан немесе уақытша жүрген шетел мемлекеттерінің заңнамасымен белгілеген;
  - 3) қолданылуы Банкке, клиентке немесе контрагентке және оның операцияларына таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялармен белгілеген (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түріне, клиенттің немесе контрагенттің және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің немесе қатысушыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес және қауымдасқан ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сондай-ақ Банк немесе Банк арқылы, сондай-ақ Банк арналары арқылы жүргізілетін, осы елдерге немесе осы тұлғаларға немесе осы елдерден немесе осы тұлғалардан, осы тұлғалар арқылы жүргізілетін төлемдерге байланысты), шектеулер мен тыйым салуларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдерді және барлық салдарды (соның ішінде залалдар мен алынбаған пайданы) өзіне қабылдайды. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде залалдар мен алынбаған пайда) үшін жауапты болмайды. Бұл шарт сондай-ақ қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне, жоғарыда көрсетілген тұлғалар мен шетел мемлекеттерінің мемлекеттік органдары жүргізетін операциялар бөлігіндегі тергеп-тексерулерге немесе өзге іс-шараларға, сондай-ақ осы іс-шаралардан туындаған өсімпұлдарға, айыппұлдарға, өзге салдарға қолданылады.
90. Банк осы Тарауға сәйкес іскерлік қарым-қатынастардан бас тартқаны, шартты тоқтатқаны, кез келген операцияларды жүргізуден бас тартқаны, сондай-ақ оларды уақытша тоқтатқаны үшін жауапкершілік алмайды.

### **13-тарау. FATCA талаптарын және ЭБДҰ-ға мүше елдердің құзыретті органдарының халықаралық көпжақты келісімін орындау туралы**

91. FATCA талаптарына және ЭБДҰ-ға мүше елдердің құзыретті органдарының қаржылық шоттар туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы халықаралық көпжақты келісіміне сәйкес Банк өзіне FATCA және ЭБДҰ белгілеген талаптар қолданылатын қаржы ұйымы болып табылады.
92. FATCA және ЭБДҰ талаптарына сәйкес Банк Клиенттермен немесе Контрагенттермен іскерлік қарым-қатынастар орнатқанға дейін Клиент немесе Контрагент толтыратын FATCA/ЭБДҰ бойынша сауалнама, Клиент ұсынатын мәліметтерді тіркеу және талдау, сондай-ақ қазіргі Клиенттерді немесе Контрагенттерді тиісті түрде тексеру

- рәсімдерін жүргізу арқылы Клиенттің немесе Контрагенттің Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) және ЭЫДҰ-ның салық төлеушісіне қатыстылығын анықтау мақсатында сәйкестендіру рәсімдерін жүзеге асырады.
93. Банк заңды тұлғаның АҚШ/ЭЫДҰ салық төлеушілері болып табылатын құрылтайшылары (қатысушылары) – жеке тұлғаларын/бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіруді заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) – жеке тұлғалары/бенефициарлық меншік иелері үшін FATCA/ЭЫДҰ бойынша сауалнаманы толтыру арқылы жүзеге асырады.
94. Банк АҚШ/ЭЫДҰ салық төлеушілері болып табылатын Клиенттерден, құрылтайшылардан (қатысушылардан) – жеке тұлғалардан/бенефициарлық меншік иелерінен қосымша құжаттар жинауды жүзеге асырады. АҚШ/ЭЫДҰ салық төлеушілері болып табылатын Клиенттер немесе Контрагенттер туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), мекенжайы, АҚШ-тағы/ЭЫДҰ-дағы салықтық тіркеу нөмірі (TIN), шоттардағы қалдықтар мен ақша қозғалысы) Банк қолданыстағы заңнамаға сәйкес жыл сайын ҚР уәкілетті мемлекеттік органына жіберіп отырады.
95. FATCA/ЭЫДҰ талаптарына сәйкес болу мақсатында, Банк өзінің ІҚ-да белгіленген жағдайларда Клиентпен немесе Контрагентпен іскерлік (шарттық) қарым-қатынастар орнатудан бас тартуға немесе онымен іскерлік (шарттық) қарым-қатынастарды тоқтатуға құқылы.
96. Банк АҚШ-тағы төлем көздерінен алынған кірістердің белгілі бір түрлеріне қатысты бенефициар – Банктің клиенті пайдасына түсетін сомадан 30%-дық салықты ұстап қалуға құқылы. Салықты ұстап қалу және кейіннен АҚШ-тың Ішкі кірістер қызметінің (салық) деректемелеріне төлеу, егер клиент осы төлемдер бойынша Банкке FATCA-ға қатысушы ұйым мәртебесі туралы (талап қаржы ұйымдарына қолданылады), АҚШ-та салық ұстап қалуға жататын, АҚШ-тағы төлем көзінен тіркелген кірісті алу туралы, клиенттің жарғылық/акционерлік капиталында 10 және одан көп % мөлшеріндегі үлеске иелік ететін, АҚШ азаматы/АҚШ компаниясы болып табылатын клиенттің құрылтайшысы (құрылтайшылары) туралы растаушы құжаттарды ұсынбаған жағдайда жүзеге асырылады;
97. Банк FATCA, CRS (ЭЫДҰ) талаптарына сәйкес АҚШ, шетел мемлекеттерінің тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға, олардың дербес деректерін АҚШ-тың, шетел мемлекеттерінің Ішкі кірістер (салық) қызметтеріне, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне беруді жүзеге асыруға құқылы;
98. Клиент Банкке қажетті ақпаратты АҚШ-қа, шетел мемлекеттеріне ұсынуға келісім беруден бас тартқан жағдайда, Банк АМШ-ты жабуға құқылы.
99. Өзінің АҚШ, шетел мемлекеттерінің тұлғасына қатыстылығын растаған Клиент өзі туралы деректерді АҚШ-тың, шетел мемлекеттерінің Ішкі кірістер (салық) қызметтеріне, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне ұсынуға сөзсіз келісімін береді.

#### **14-тарау. Қорытынды ережелер**

100. Осы Қағидалардың талаптарын тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік және олардың сақталуын бақылау осы Қағидаларда регламенттелетін процестерге қатысатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
101. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына және Банктің ІҚ-на сәйкес шешілуге тиіс.
102. ҚР заңнамасына, Банктің ІҚ-на басым заңды күші бар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Қағидалар аталған өзгерістер мен толықтыруларға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

**Өтінішті қараудың және банктік операциялардың қосымша түрлерін ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері**

№ п/п	Банктік операцияның қосымша түрінің атауы	Шекті мерзімі
1.	Клиенттердің аллокирленбеген металл шоттарын ашу	қолданыстағы заңнаманың және осы Қағидалардың талаптары сақталған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға және тиісті процесті реттейтін Банктің ІҚ сәйкес Клиент құжаттардың толық топтамасын ұсынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Егер Клиент Банктің ішкі ережелеріне сәйкес тиісті тексерудің тереңдетілген шараларына жататын болса, Банк көрсетілген мерзімді күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейін ұзарта алады.
2.	Клиенттердің төлем құжаттарын тексеру және орындау	қолданыстағы заңнаманың, соның ішінде КЖ/ТҚҚ туралы заңның, банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттері заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың, осы Қағидалардың талаптары сақталған жағдайда, егер төлем құжатының талаптарында оны орындаудың өзге мерзімі белгіленбеген болса, Банк өтінімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей. Егер операция Банктің ішкі қағидаларына сәйкес тиісті тексерудің тереңдетілген шараларын талап еткен жағдайда, Банк қарау мерзімін талап етілген құжаттар ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейін ұзартуы мүмкін.
3.	Клиенттің өтініші негізінде аллокирленбеген металл шоттарын жабу	қолданыстағы заңнаманың, соның ішінде КЖ/ТҚҚ туралы заңның, банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттері заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың, осы Қағидалардың талаптары сақталған жағдайда, Банк шотты жабуға өтінішті қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей.

**Банктің банктік операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге арналған мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті  
(ең төмен және ең жоғары) шамалары**

№ п/п	Операцияның түрі	Тарифтің ең төмен мөлшері	Тарифтің ең жоғары мөлшері	Ескерту
1.	Аллокирленбеген металл шоттарын ашу	0 теңге	1 000 000 теңге	Комиссия шот ашылған кезде, әр шот үшін алынады
2.	Аллокирленбеген металл шоттарын жүргізу (шот бойынша үзінді көшірмені ұсынуды қоса алғанда)	0 теңге	1 000 000 теңге	Әр шот үшін ай сайын
3.	Аллокирленбеген металл шоттарын жабу	0 теңге	1 000 000 теңге	Комиссия шот жабылған кезде, әр шот үшін алынады